

Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 25 желтоқсан N 525

Россия Федерациясы Үкіметінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 3842-П25 өтінішін қарай отырып, Алматы қаласында Россия Федерациясы мен Қазақстан Республикасы үкіметтері делегацияларының 1995 жылғы тамыздағы кездесуінде қол жеткен уағдаластықтарды орындау үшін және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Заң күші бар Жарлығының 150-бабын басшылыққа ала отырып:

1. "Росконтракт" федеральдық контракт корпорациясы Россия Федерациясы мен Тәжікстан Республикасының және Түрікменстан Республикасының арасындағы үкіметаралық келісім шегінде жүзеге асырылатын Қазақстан кәсіпорындарынан еркін ресурстардан контракт бойынша сатып алынған 200 мың тонна мөлшеріндегі астықты Тәжікстан Республикасы мен Түрікменстан Республикасына жөнелту үшін кеден бажын төлеуден босатылсын.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Халықаралық Қазақстан агроөнеркәсіп биржасы мен Қазақстан Республикасының кеден комитеті "Росконтракт" федеральдық контракт корпорациясы үшін қажетті құжаттаманы ресімдеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті "Росконтракт" Федеральдық контракт корпорациясының Қазақстан кәсіпорындарымен жасаған контракт бойынша Тәжікстан мен Түрікменстанға жөнелтілетін астық мөлшеріне бақылау жасасын. Осы қаулымен белгіленген мөлшерде астық жөнелтуді аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат беретін болсын.

Премьер-Министрдің
бірінші орынбасары